



Даниял 4





Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to
this comic book as provided by United
States copyright law.

Print and digital copies of this version may
be freely distributed without penalty under
a Creative Commons license.



БЕЛШАЗАРДЫҢ
БАБЫЛ ЕЛІНЕ БИЛІК
ҚҰРҒАН БІРІНШІ
ЖЫЛЫ ДАНИЯЛ
ТӨСЕГІНДЕ
ЖАТҚАНДА ТҮСІНДЕ
ТҮРЛІ КӨРІНІСТЕР
КӨРДІ. СОДАН ОЛ
ТҮСІНІҢ МАЗМҰНЫН
ЖАЗЫП ҚАЛДЫРДЫ.

ТҮНДЕ КӨРГЕН ТҮСІМДЕ СОҚҚАН ЖЕЛДІҢ
ТЕҢІЗДІҢ АСТАН-КЕСТЕНІН ШЫҒАРЫП,
САПЫРЫП ЖАТҚАНЫН КӨРДІМ. СОЛ КЕЗДЕ
ТЕҢІЗДЕН БІР-БІРІНЕ ҰҚСАМАЙТЫН
ҮЛКЕН-ҮЛКЕН ТӨРТ АЙУАН ШЫҒА КЕЛДІ.



БІРІНШІСІНІҢ СЫРТ КӨРІНІСІ АРЫСТАНҒА
ҰҚСАДЫ, БІРАҚ ОНЫҢ БҮРКІТТІҢ
ҚАНАТЫНДАЙ ҚАНАТТАРЫ БОЛДЫ.

ЕКІНШІ АЙУАННЫҢ КӨРІНІСІНІҢ АЮҒА
ҰҚСАЙДЫ. АУЗЫНДА ТІСТЕГЕН ҮШ ҚАБЫРҒА
БАР ЕКЕН. ОҒАН БЫЛАЙ ДЕЛІНДІ...



«ОРНЫҢНАН ТҮР
ДА, БАС САЛЫП, ЕТТІ
МОЛЫНАН ЖАЛМАЙ
БЕР!»

ҚАБЫЛАНҒА ҰҚСАҒАН ТАҒЫ БІР
АЙУАН ТҮРДЫ. ОНЫҢ АРҚАСЫНДА
ҚҰСТІКІ СИЯҚТЫ ТӨРТ ҚАНАТЫ БАР
ЕКЕН, ӘРІ ТӨРТ БАСЫ ДА БОЛДЫ.

ОСЫ АЙУАНҒА БИЛІК
ЖҮРГІЗУ ТАПСЫРЫЛДЫ



СОДАН СОҢ ТҮНГІ ТҮСІМДЕ ТӨРТІНШІ АЙУАНДЫ ДА КӨРДІМ. ОЛ ӨТЕ ҚОРҚЫНЫШТЫ, ҮРЕЙ ТУҒЫЗАТЫН ЖӘНЕ АСҚАН ҚУАТТЫ ЕКЕН.

ОНЫҢ ҮЛКЕН-ҮЛКЕН ТЕМІР ТІСТЕРІ БОЛДЫ. АЙУАН АЛДЫНА КЕЛГЕННІҢ БӘРІН ЖАЛМАП, ПАРША-ПАРШАСЫН ШЫҒАРЫП, ҚАЛҒАНЫН АЯҚТАРЫМЕН ТАПТАП ЖҮРДІ.




ОЛ БҰҒАН ДЕЙІНГІ БАРЛЫҚ АЙУАНДАРДАН ӨЗГЕШЕ БОЛДЫ. ОНЫҢ ОН МҮЙІЗІ ДЕ БАР ЕДІ.



АРАЛАРЫНАН ТАҒЫ БІР КІШКЕНТАЙ МҮЙІЗ ШЫҚТЫ. СОНДА ОҒАН ОРЫН БОСАТУ ҮШІН ЖАҢАҒЫ МҮЙІЗДЕРДІҢ ҮШЕУІ ТҮБІМЕН ЖҰЛЫНЫП ҚАЛДЫ.

ОСЫ МҮЙІЗДІҢ АДАМДІКІНДЕЙ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ БӨСІП МАҚТАНҒАН АУЗЫ БОЛДЫ.

СОҢЫНДА ТАҚТАР ОРНАТЫЛЫП, «МӘҢГІ ЖАСАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ТӘҢІР ТАҒАЛА» ӨЗ ТАҒЫНА ОТЫРДЫ. СОҢЫНДА ТАҚТАР ОРНАТЫЛЫП, «МӘҢГІ ЖАСАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ТӘҢІР ТАҒАЛА» ӨЗ ТАҒЫНА ОТЫРДЫ.



КЕНЕТТЕН АДАМ БАЛАСЫНА ҰҚСАЙТЫН БІРЕУ КЕЛІП, ОЛ МӘҢГІ ЖАСАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ТӘҢІР ТАҒАЛАҒА ЖАҚЫНДАП КЕЛДІ. ОҒАН ҚҰДІРЕТ, САЛТАНАТТЫ ҰЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПАТШАЛЫҚ БИЛІК ТАПСЫРЫЛДЫ. БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТАР, ҰЛТТАР ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІҢ АДАМДАРЫ ОҒАН БОЙ ҰСЫНЫП ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУГЕ ТИІС БОЛДЫ.

ОЛ ЕШҚАШАН ӨШПЕЙТІН МӘҢГІЛІК БИЛІК ҚҰРАДЫ, ОНЫҢ ПАТШАЛЫҒЫ ЕШ УАҚЫТТА ЖОЙЫЛМАЙДЫ!

ДАНИЯЛ СОЛ ЖЕРДЕ ТҰРҒАН НӨКЕРЛЕРДІҢ
БІРІНЕ ЖАҚЫНДАП КЕЛІП....

ОСЫ КӨРГЕН
КӨРІНІСТЕРІМНІҢ
АҚИҚАТ МАҒЫНАСЫ
ҚАНДАЙ?

ТӨРТ ҮЛКЕН АЙУАН —
ЖЕР БЕТІНДЕ ПАЙДА
БОЛАТЫН ТӨРТ
ПАТШАЛЫҚ. ^[1]

БІРАҚ АЛЛА ТАҒАЛАҒА
БАҒЫШТАЛҒАН АДАМДАР
ПАТШАЛЫҚ БИЛІКТІ
ҚАБЫЛДАП АЛЫП, СОҒАН
МӘНГІЛІК, МӘНГІ БАҚИ
ИЕ БОЛАДЫ!

^[1] БАБЫЛДЫҚ ҚАНАТТЫ АРЫСТАНДАР ПАТША САРАЙЫНЫҢ ҚАҚПАСЫН КҮЗЕТКЕН. АЮ МИДО-ПЕРСИЯНЫ БІЛДІРЕДІ. ҚАБЫРҒАЛАР-ЖАУЛАП АЛЫНҒАН ХАЛЫҚТАР. ҚАБЫЛАН ГРЕЦИЯНЫ БІЛДІРЕДІ - АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ ТЕЗ ЖАУЛАП АЛУМЕН ТАНЫМАЛ БОЛДЫ. ТӨРТ БАС-ҚАЙТЫС БОЛҒАННАН KEЙІН ОНЫҢ ПАТШАЛЫҒЫН БӨЛГЕН ТӨРТ ГЕНЕРАЛ.

ТӨРТІНШІ АЙУАН ЖЕР
БЕТІНДЕ KEЙІНІРЕК ПАЙДА
БОЛАТЫН ПАТШАЛЫҚТЫ
БІЛДІРЕДІ. ^[2]

ОЛ БАСҚА
ПАТШАЛЫҚТАРДЫҢ
БӘРІНЕН ӨЗГЕШЕ
БОЛЫП, БҮКІЛ ЖЕР БЕТІН
ТАПТАП, ТАЛҚАНДАП,
ЖАЛМАП ҚОЯДЫ.

^[2] ТЕМІР ТІСТЕРІ БАР ТӨРТІНШІ АҢ
РИМ ИМПЕРИЯСЫН БІЛДІРЕДІ.

ОНЫҢ ОҢ МҮЙІЗІ
ОСЫ ПАТШАЛЫҚТАН
ШЫҒАТЫН ОН
ПАТШАНЫ
БЕЙНЕЛЕЙДІ

KEЙІН ОЛАРДАН
ӨЗГЕШЕ ТАҒЫ БІР ПАТША
ПАЙДА БОЛЫП,
ПАТШАЛАРДЫҢ ҮШЕУІН ӨЗІНЕ
БАҒЫНДЫРЫП АЛАДЫ. СОЛ
ПАТША АЛЛА ТАҒАЛАҒА ҚАРСЫ
СӨЙЛЕП, ОҒАН БАҒЫШТАЛҒАН
АДАМДАРДЫ ЖӘБІРЛЕП
ҚАЛЖЫРАТАТЫН
БОЛАДЫ. ^[3]

ҚҰДАЙҒА
БАҒЫШТАЛҒАН ЖАНДАР
БІР КЕЗЕҢГЕ, ЕКІ КЕЗЕҢГЕ
ЖӘНЕ ЖАРТЫ КЕЗЕҢГЕ
ОНЫҢ ҚОЛ АСТЫНА
БЕРІЛЕДІ.

^[3] АНТИХРИСТ ҚАЙТА
ЖАНДАНҒАН РИМДІК
ИМПЕРИЯСЫНАН ШЫҒАДЫ

АЛАЙДА СОТ ЖҮРГІЗІЛГЕНДЕ СОЛ ЗҰЛЫМ ПАТША БИЛІГІНЕН
АЙЫРЫЛЫ СОДАН СОҢ АСПАН АСТЫНДАҒЫ БҮКІЛ ПАТШАЛЫҚТАРДЫҢ
БИЛІГІ, ҚҰДІРЕТІ ЖӘНЕ САЛТАНАТТЫ ҰЛЫЛЫҒЫ ҚҰДАЙ ТАҒАЛАҒА
БАҒЫШТАЛҒАН ХАЛЫҚҚА ТАПСЫРЫЛАДЫ.

ЕКІ ЖЫЛДАН КЕЙІН ТАҒЫ БІР КӨРІНІСТІ КӨРДІМ. ҚОС МҮЙІЗДІ ҚОШҚАР, МҮЙІЗІНІҢ БІРЕУІ ЕКІНШІСІНЕН ҰЗЫНДАУ ЕКЕН. ^[1]

СОДАН ҚОШҚАР ҚАЛАҒАНЫН ІСТЕП, АЙБАТТАНЫП КЕТТІ.



^[1] МИДО-ПЕРСИЯ, ПЕРСИЯ
БАРҒАН САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ.

МЕН БҒАН ҚАРАП, ОЙЛАНЫП ТҮРДЫМ. СОЛ СӘТТЕ ЕКІ КӨЗІНІҢ АРАСЫНДА ШОДЫРАЙҒАН ДӘУ МҮЙІЗІ БАР БІР ТЕКЕ ТҰЯҒЫН ЖЕРГЕ ТИГІЗБЕЙТІНДЕЙ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН БАТЫСТАН БҮКІЛ ЖЕР БЕТІМЕН ӨТІП БАРА ЖАТТЫ. ^[2]

ОСЫЛАЙ ТЕКЕ ҚОШҚАРҒА БАС САЛЫП,
ОНЫҢ ЕКІ МҮЙІЗІН ДЕ СЫНДЫРЫП ТАСТАДЫ.



^[2] АЛЕКСАНДРДЫҢ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ
ЖЫЛДАМДЫҒЫ МЕН КҮШІ.

СОДАН ТЕКЕ ӘБДЕН КҮШЕЙДІ ДЕГЕН КЕЗДЕ ОНЫҢ ДӘУ МҮЙІЗІ СЫНДЫРЫЛДЫ. ОНЫҢ ОРНЫНА ТӨРТ ШОДЫРАЙҒАН ДӘУ МҮЙІЗ ӨСІП ШЫҚТЫ. ОЛАРДЫҢ БІРЕУІ КҮШЕЙІП, ИСРАИЛГЕ ҚАРСЫ АТТАНДЫ.

ОЛ ТІПТІ «КӨКТИҢ ӘСКЕРІНІҢ»
БАСШЫСЫ — ҚҰДАЙҒА ҚАРСЫ ШЫҒУҒА
ДЕЙІН КҮШЕЙІП КЕТТІ. ҚҰДАЙҒА АРНАП
КҮНДЕЛІКТІ ҚҰРБАНДЫҚ ҰСЫНУҒА
ТҰЙЫМ САЛЫП, ОНЫҢ КИЕЛІ ҮЙІН
АРАМДАДЫ. ^[3]



^[3] МУНЫҢ ЖАҚЫН ОРЫНДАЛУЫ АНТИОХ ЭПИФАН БОЛДЫ, ОЛ
ИЕРУСАЛИМДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ГИБАДАТХАНАЛЫҚ ҚҰРБАНДЫҚТЫ
ЖОЙДЫ. ОЛ ГИБАДАТХАНАДА ШОШҚАНЫ ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛДЫ
ЖӘНЕ СОЛ ЖЕРДЕ ЮПИТЕРДІҢ МҮСІНІН ТҮРҒЫЗДЫ.

СОДАН СОҢ МЕН ЕКІ ҚАСИЕТТІ
ПЕРІШТЕНІҢ ӨЗАРА СӨЙЛЕСІП, БІРЕУІНІҢ
БЫЛАЙ ДЕП СҰРАҒАНЫН ЕСТІДІМ:

ОСЫ КӨРІНІСТЕ
КӨРСЕТІЛГЕН Оқиғалар
Орындалғанға дейін
қанша уақыт
өтпек?

КҮНДЕЛІКТІ ҚҰРБАНДЫҚ
ҰСЫНУДЫ ТОҚТАТЫП, КИЕЛІ
ҮЙДІ АРАМДАП БОС ҚАЛДЫРҒАН
БАС КӨТЕРУ ҚАШАНҒА ДЕЙІН
СОЗЫЛМАҚ? КИЕЛІ ҮЙ МЕН
«КӨКТИҢ ӘСКЕРІ» ҚАШАНҒЫ
АЯҚ АСТЫ ЕТІЛМЕК?

БҮЛ ЕКІ МЫҢ ҮШ
ЖҮЗ КЕШ ПЕН ТАҢҒА
СОЗЫЛАДЫ.





ОСЫ КӨРІНІСТІ
КӨРІП, ОНЫ ТҮСІНУГЕ
ТЫРЫСЫП ОТЫРҒАНЫМДА,
КЕНЕТТЕН АЛДЫМДА ЕР
АДАМҒА ҰҚСАС БІРЕУ ПАЙДА
БОЛДЫ. ОЛ АДАМНЫҢ
ДАУЫСЫН ЕСТІДІМ.

ЖӘБІРЕЙЛ, МЫНА
АДАМҒА КӨРІНІСТІҢ
МАҒЫНАСЫН ТҮСІНДІРІП
АЙТЫП БЕРШІ!



МЕН ҚАТТЫ
ҚОРҚЫП, ИІЛІП,
ЖЕРГЕ ЕТПЕТІММЕН
ЖАТА КЕТТІМ.

ЕЙ, ПЕНДЕ,
БҮЛ КӨРІНІСТІҢ СОЛ
АУЫР ЗАМАННЫҢ АҚЫР
СОҢЫ ЖАЙЫНДА ЕКЕНІН
БІЛІП ҚОЙ



МЕН ЕСІМНЕН ТАНЫП, ЕТПЕТТЕЙ
ЖАТҚАН ЕДІМ. ОЛ МАҒАН ҚОЛЫН
ТИГІЗІП, МЕНІ ОЯТЫП,
ОРНЫМНАН ТҮРҒЫЗДЫ.

БҮЛ АЯН
СОЛ АУЫР ЗАМАННЫҢ
АЛДЫН АЛА
БЕЛГІЛЕНГЕН АҚЫР
СОҢЫ ЖАЙЫНДА.

СЕН КӨРГЕН
ҚОС МҮЙІЗДІ ҚОШҚАР
МИДИЯ МЕН ПЕРСИЯНЫҢ
ПАТШАЛАРЫН
БІЛДІРЕДІ.

САБАЛАҚ
ЖҮНДІ ТЕКЕ — ГРЕКИЯ
ПАТШАЛЫҒЫН, АЛ ТЕКЕНІҢ
ЕКІ КӨЗІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ДӘУ
МҮЙІЗІ — СОЛ ПАТШАЛЫҚТЫҢ
АЛҒАШҚЫ ПАТШАСЫН
БЕЙНЕЛЕЙДІ.^[1]



^[1] АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ. ОЛ ҚАЙТЫС БОЛҒАННАН
КЕЙІН ОНЫҢ ТӨРТ ГЕНЕРАЛЫ ГРЕК ИМПЕРИЯСЫНЫҢ
ТӨРТ БӨЛІГІНІҢ ҮСТІНДЕ ТӨРТ ПАТША БОЛДЫ.




ОСЫ ПАТШАЛЫҚТАРДЫҢ
БІЛІГІНІҢ СОҢҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ, ЯҒНИ
(ҚҰДАЙҒА ҚАРСЫ) БАС КӨТЕРУШІЛЕР
ЗҰЛЫМДЫҚҚА ӘБДЕН БОЙ
АЛДЫРҒАН КЕЗДЕ, АЙЛАКЕРЛІГІ
АСҚАН БІР АРСЫЗ ПАТША ШЫҒАДЫ.

ОЛ ҚАТТЫ КҮШЕЙЕДІ,
БІРАҚ ӨЗІНІҢ
КҮШ-ҚУАТЫМЕН ЕМЕС,
ШАЙТАННЫҢ КҮШІМЕН.^[1]

^[1] ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА ЖАҚЫНДАҒЫ
ДӘЖЖАЛДЫҢ ТҮРІ БОЛҒАН АНТИОХ ЭПИФАН БОЛДЫ.
ОСЫНДАН АЛЫС ОРЫНДАЛУЫ – ДӘЖЖАЛ. (АЯН 13:1-10)




СОЛ АРСЫЗ ПАТША ТАҢҒАЛДЫРАТЫНДАЙ ҒАЛАМАТ
ОЙРАН ТУҒЫЗЫП, НЕ ІСТЕГІСІ КЕЛСЕ ДЕ, СОНЫСЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫП ОТЫРАДЫ. ПАТША КҮШТІ БАСШЫЛАРДЫ ӘРІ
ҚҰДАЙҒА БАҒЫШТАЛҒАН ХАЛЫҚТЫ ОЙРАНДАП КЕТЕДІ.



ӘЛГІ ПАТША АСҚАН АҚЫЛДЫЛЫҚПЕН
АЛДАМШЫ ЖОСПАРЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫП, АСҚАҚТАП МАҚТАНАТЫН
БОЛАДЫ. ПАТША АЛАҢСЫЗ ОТЫРҒАН
КӨПТЕГЕН АДАМДЫ ҚЫРЫП-ЖОЙЫП, ТІПТІ
ӘМІРШІЛЕРДІҢ ӘМІРШІСІ — ҚҰДАЙДЫҢ
ӨЗІНЕ ҚАРСЫ БАС КӨТЕРЕДІ. АЛАЙДА ОЛ
ҚҰРИТЫН БОЛАДЫ, БІРАҚ ҚҰРУЫ АДАМ
БАЛАСЫНЫҢ ҚОЛЫНАН БОЛМАЙДЫ.^[2]

^[2] АНТИОХ АҚЫЛСЫЗДЫҚ ПЕН ІШЕК АУРУЫНАН ҚАЙТЫС
БОЛДЫ. АНТИХРИСТ ЖӘНЕ ОНЫҢ КҮШТЕРІ АРМАГЕДДОН
ШАЙҚАСЫНДА ЖЕҢІЛЕДІ. (АЯН 19:11-21)



ЕКІ МЫҢ ҮШ ЖҮЗ КЕШ ПЕН ТАҢҒА СОЗЫЛАДЫ.
СОДАН КЕЙІН КИЕЛІ ҮЙ ҚАЙТАДАН АРАМДЫҚТАН
ТАЗАРЫП, ҚҰДАЙҒА БАҒЫШТАЛАДЫ.^[3]

^[3] БҮЛ СӨЗБЕ-СӨЗ ОНЫҢ ОРЫНДАУЫНДА БОЛДЫ. АНТИОХ ЭПИФАНДЫ ҚУДАЛАУ Б.З. Д. 6
ЖЫЛДЫҢ 171 ҚЫРКҮЙЕГІНЕН 165 ЖЫЛДЫҢ 25 ЖЕЛТОҚСАНЫНА ДЕЙІН СОЗЫЛДЫ.



МЕН, ДАНИЯЛ, ҚАТТЫ
ҚАЛЖЫРАП-ШАРШАП
БІРНЕШЕ КҮН БОЙЫ
АУЫРЫП ЖАТТЫМ.

СОДАН КЕЙІН ОРНЫМНАН ТҮРЫП,
ҚАЙТАДАН ПАТШАНЫҢ ІСІНЕ
КІРІСТІМ. МЕН КӨРГЕН КӨРІНІСКЕ
ҚАТТЫ АБЫРЖЫДЫМ. ОЛ
ТҮСІНІКТЕН ТЫМ ЖОҒАРЫ БОЛДЫ.

ДАРИЙДІҢ БАБЫЛ ЕЛІНЕ ПАТШАЛЫҚ ҚҰРУЫНЫҢ БІРІНШІ ЖЫЛЫ СОЛ КЕЗДЕ МЕН, ДАНИЯЛ, КИЕЛІ ЖАЗБАЛАРДЫ ОҚЫП ЖАТҚАНДА ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ЕРЕМИЯ ПАЙҒАМБАРҒА ЖЕТКІЗГЕН ХАБАРЫНАН ИЕРУСАЛИМНІҢ ҚАҢЫРАП БОС ҚАЛУЫНЫҢ ЖЕТПІС ЖЫЛҒА СОЗЫЛУҒА ТИІС ЕКЕНІН ҰҚТЫМ. ^[1]

СОДАН МЕН ҚҰДАЙ ИЕГЕ ЕРЕКШЕ БЕТ БҰРЫП, БІЗДІҢ ҚҰЛДЫҒЫМЫЗДЫҢ ТОҚТАЛУЫН ЖӘНЕ ЕЛІМІЗГЕ ҚАЙТЫП ОРАЛУЫН СҰРАП, СИЫНЫП МІНАЖАТ ЕТТІМ.

[1] ЕРЕМИЯ 25:11-12, 29:10

КАТТЫ ҚАЙҒЫРЫП, МІНАЖАТ ЕТІП ОРАЗА УСТАДЫМ

УА, ТӘҢІР ИЕМ, ҰЛЫ ДА АЙБЫНДЫ ҚҰДАЙ! СЕН ӨЗІңДІ СҮЙІП, ТАПСЫРҒАН ӨСИЕТТЕРІңДІ ҰСТАНАТЫНДАРҒА КЕЛІСІМІңДЕГІ УӘДЕЛЕРІңДІ АДАЛДЫҚПЕН ОРЫНДАП, МЫЗҒЫМАС МЕЙІРІМІңДІ КӨРСЕТЕСІң!

БІЗ (ИСРАИЛДІКТЕР) КҮНӘ ЖАСАП, БІЗ ЗҰЛЫМДЫҚ ЖАСАП, САҒАН ҚАРСЫ БАС КӨТЕРДІК, ЖІБЕРГЕН ПАЙҒАМБАРЛАРЫҢ АРҚЫЛЫ БЕРГЕН ТӘЛІМІңНІҢ ТУРА ЖОЛЫМЕН ЖҮРГЕН ДЕ ЖОҚПЫЗ.

О, ҚҰДАЙ ИЕМІЗ, САҒАН ҚАРСЫ ШЫҚҚАНДАРҒА ДА СЕН МЕЙІРІМДІ ДЕ КЕШІРІМДІСІң

МҰСА ТАУРАТТА АЛДЫН АЛА ЖАЗЫП ҚАЛДЫРҒАНДАЙ, СОЛ АУЫР АПАТ ТҮГЕЛДЕЙ БАСЫМЫЗҒА ТҮСТІ.

УА, ЖАСАҒАН ИЕ, ӨЗІңНІҢ АДАЛДЫҒЫҢ МЕН МЕЙІРІМІҢЕ БОЛА ТАҢДАҒАН ҚАЛАҢ ИЕРУСАЛИМГЕ ДЕГЕН ҚАҺАРЛЫ АШУЫҢНАН ҚАЙТА ГӨР!

УА, ИЕМ, ҮНІМІЗДІ ЕСТІП, ӨТІНІШІМІЗГЕ ЖАВАП БЕРЕ ГӨР! ӨЗ ДАҢҚЫҢ ҮШІН, УА, ҚҰДАЙЫМ, ОНЫ ҰЗАҚҚА СОЗА КӨРМЕ! ӨЙТКЕНІ ӨЗІңНІҢ ҚАЛАҢ ДА, ХАЛҚЫҢ ДА СЕНІҢ АТЫҢМЕН АТАЛҒАН

МЕН СИЫНЫП ЖАТҚАН СОЛ КЕЗДЕ-АҚ
АЛҒАШҚЫ КӨРІНІСТЕ АДАМ КЕЙПІНДЕ
КӨРГЕН ЖӘБІРЕЙІЛ ПЕРІШТЕ ЛЕЗДЕ
ҰШЫП КЕЛДІ.



ЕЙ, ДАНИЯЛ,
БҮЛ ЖОЛЫ МЕН САҒАН
ТҮСІНІК ПЕН БІЛІМ БЕРУ ҮШІН
КЕЛДІМ. СЕН ЖАЛБАРЫНА
БАСТАҒАН КЕЗДЕ-АҚ ЖАУАП
БЕРІЛГЕН ЕДІ.

СОНДЫҚТАН
МЫНАҒАН КӨҢІЛІңДІ
БӨЛІП, КӨРІНІСТІҢ
МАҒЫНАСЫН ҰҒЫП
АЛ:



ИЕМИЗ ИЕРУСАЛИМГЕ
ЖӘНЕ СІЗДІҢ ХАЛҚЫҢЫЗҒА
490 ЖЫЛ ҚОСЫМША ЖАЗА
ТАҒАЙЫНДАДЫ.

СОДАН КЕЙІН
МӘҢГІЛІК ӘДІЛДІК
ПАТШАЛЫҒЫ
БАСТАЛАДЫ.



"49 ЖЫЛ^[1] ЖӘНЕ 434 ЖЫЛ ИЕРУСАЛИМДІ
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ПӘРМЕНІ БЕРІЛГЕН СӘТТЕН
БАСТАП МӘСІХ КЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН ӨТЕДІ!"^[2]

"ИЕРУСАЛИМНІҢ КӨШЕЛЕРІ, ҚАЛА ӨЗІНІҢ АЛАҢЫ,
АЙНАЛАСЫНДАҒЫ ҚАМАЛЫМЕН БІРГЕ ҚАЙТАДАН
САЛЫНАДЫ, БІРАҚ БҮЛ ҚИЙЫН-ҚЫСТАУ КЕЗЕҢДЕ БОЛАДЫ.



^[1] АРТАКСЕРКС І Б.З. Д. 455 ЖЫЛЫ ИЕРУСАЛИМДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚ ШЫҒАРҒАННАН БЕРІ ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗ ЖЫЛ (7 АПТА X 7). Е. БҮЛ НЕЕМИЯНЫҢ ҚАБЫРҒАСЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРҮДІ ЖӘНЕ МАЛАХИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЯҚТАЛУЫН ЖӘНЕ ЕСКІ ӨСИЕТТІҢ АЯҚТАЛУЫН ҚАМТИДЫ.

^[2] МӘСІХТІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЛУІНЕ ДЕЙІН ТӨРТ ЖҮЗ ОТЫЗ ТӨРТ ЖЫЛ (62 АПТА X 7) - МӘСІХТІҢ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ КІРУІ. (МАТАЙ 21:1-9).



АЛПЫС ЕКІ РЕТ «ЖЕТИ КЕЗЕҢ»
ӨТКЕН СОҢ ҚҰДАЙ ТАҒАЙЫНДАҒАН
БИЛЕУШІ ҚҰРБАН ЕТІЛЕДІ, ОНЫҢ
ҚОЛЫНДА ТҮК ЖОҚ БОЛЫП
ҚАЛАДЫ. ӨЗГЕ БІР БИЛЕУШІ
ӘСКЕРЛЕРІМЕН КЕЛІП, ҚАЛАНЫ....
ТАЛҚАНДАЙТЫН БОЛАДЫ. ^[1] ^[2]

^[1] ИСА МӘСІХТІҢ АЙҚЫШҚА ШЕГЕЛЕНУІ.

^[2] Б.З. Д. 70 ЖЫЛЫ ТИТ ИЕРУСАЛИМДЕГІ
ҒИБАДАТХАНАНЫ ҚИРАТЫП, МИЛЛИОНДАҒАН
ЯХУДЕЙЛЕРДІ ӨЛТІРДІ, КЕМ ДЕГЕНДЕ ОСЫ
ПАЙҒАМБАРЛЫҚ СӨЗДЕРДІ ОРЫНДАДЫ.

СОЛ ЗАМАНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН СОҒЫС
БОЛЫП, ҚҰДАЙДЫҢ БҰЙРЫҒЫНА САЙ
БАРЛЫҒЫ ҚАҢЫРАП БОС ҚАЛАДЫ.

БИЛЕУШІ БІР «ЖЕТИ КЕЗЕҢГЕ» ХАЛЫҚТЫҢ
КӨПШІЛІГІМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАП БЕКІТЕДІ. СОЛ
БІР «ЖЕТИ КЕЗЕҢНІҢ» ОРТАСЫНДА ОЛ ҚҰДАЙ
ТАҒАЛАҒА АРНАП ҚҰРБАНДЫҚ ПЕН СЫЙ-ТАРТУ
ҰСЫНУДЫ ТОҚТАТАДЫ ӘРІ ҒИБАДАТХАНАНЫҢ
БІР БӨЛІГІНДЕ ҚАҢЫРАП БОС ҚАЛДЫРАТЫН
ЖИРЕНІШТІ БІР НӘРСЕНІ ОРНАТҚЫЗАДЫ. ^[3]



^[3] АНТИХРИСТ-БҰЛ ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ЕҢ СОҒҒЫ
ОРЫНДАЛУЫ. ОЛ ЕВРЕЙ ХАЛҚЫМЕН ӨЗ КЕЛІСІМІН
БУЗЫП, ҒИБАДАТХАНАЛАРДЫ АРАМДАП, ӨЗ БЕЙНЕСІН
ҚОЙЫП, СОЛ БЕЙНЕГЕ ТАБЫНДЫРАДЫ (АЯН 13:14-18)

ДАНИЯЛ 9:24-27

ЗҮЛЫМ БИЛЕУШІГЕ БЕЛГІЛЕНГЕН
ҚАҒАРЛЫ ЖАЗА ОНЫҢ БАСЫНА
ТӨГІЛГЕНШЕ ОСЫ ЖИРЕНІШТІ НӘРСЕ
СОЛ ЖЕРДЕ ТҰРА БЕРЕТІН БОЛАДЫ. ^[4]



^[4] ИСА МӘСІХ ЕКІНШІ РЕТ ОРАЛҒАННАН
КЕЙІН АНТИХРИСТ ПЕН ОНЫҢ
ӘСКЕРЛЕРІН ЖОЯДЫ. (АЯН 19:11-21)

КИРДІҢ БАБЫЛҒА БИЛІК ҚҰРҒАН ҮШІНШІ
ЖЫЛЫ БЕЛШАЗАР ДЕП ТЕ АТАЛҒАН
ДАНИЯЛҒА ҚҰДАЙДЫҢ ХАБАРЫ ЖЕТТІ.

ДАНИЯЛ, ҮШ АПТА БОЙЫ
ҚАЙҒЫРЫП, ДӘМДІ ТАҒАМДАРДАН, ЕТ
ПЕН ШАРАПТАН БАС ТАРТТЫ. СОНЫМЕН
ҚАТАР ТОЛЫҚ ҮШ АПТА БОЙЫ ДЕНЕСІНЕ
ИІСМАЙ ЖАҚПАДЫ.

ТИГР ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАСЫНДА АҚ БӘТЕСТЕН КИІМ КИГЕН, БЕЛІН САҒАЛТЫН
БЕЛБЕУМЕН БУҒАН БІРЕУДІ КӨРДІМ. ЖҮЗІ НАЙЗАҒАЙДЫҢ ЖАРҚЫЛЫНДАЙ,
АЛ ДАУСЫ ҮЛКЕН ТОБЫРДЫҢ ДАУСЫНДАЙ ГҮРІЛЕДІ. ^[1]

^[1] ИСА МӘСІХТІҢ
БҮРЫН-СОНДЫ
БОЛМАҒАН ҚҰБЫЛЫСЫ.

СОЛ КӨРІНІСТІ ЖАЛҒЫЗ МЕН, ДАНИЯЛ, ҒАНА КӨРДІМ.
ҚАСЫМДА БОЛҒАН АДАМДАР ОНЫ КӨРГЕН ЖОҚ, БІРАҚ
ОЛАР ЗӘРЕЛЕРІ ҰШЫП, ҚАШЫП, ТЫҒЫЛЫП ҚАЛДЫ.

ҚАТТЫ ӘЛСІРЕП, ӨНІМ
ҚҰП-ҚУ БОЛЫП,
ДӘРМЕНСІЗ ҚАЛДЫМ.

БІРАҚ БІР ҚОЛ
ДЕНЕМЕ ТИІП, МЕНІ
ДІРІЛДЕГЕН КҮЙІМДЕ
ТӨРТТАҒАНДАП
ТҮРГЫЗДЫ.

МҰНАН КЕЙІН ӘЛП ХАБАРШЫНЫҢ
СӨЙЛЕГЕН ДАУСЫН ЕСТІДІМ. ЕСТІГЕН
КЕЗДЕ МЕН ЕСІМНЕН ТАНЫП, ЖЕРГЕ
ЕТПЕТТЕЙ ЖАТА КЕТТІМ.

ААААХХ!

УА, ДАНИЯЛ,
ҚҰДАЙҒА ӨТЕ УНАМДЫ
ЖАН, АЙТАТЫН
СӨЗДЕРІМДІ МҰҚИЯТ
ТЫҢДАП, ҰҒЫП АЛ!



ҚОРЫҚПА, ДАНИЯЛ.
СЕБЕБІ СЕН СОЛ МӘСЕЛЕНІ
ТҮСІНУГЕ ҰМТЫЛЫП, ҚҰДАЙЫҢА
МОЙЫНСУНЫП СИЫНА БАСТАҒАН
АЛҒАШҚЫ КҮНІ-АҚ МІНАЖАТЫҢ
ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЛАҒЫНА
ЖЕТКЕН ЕДІ.

АЛ ПАРСЫ ПАТШАЛЫҒЫ
ЫНЫҢ РУХАНИ ӘМІРШІСІ
МАҒАН ЖИЫРМА БІР КҮН
БОЙЫ ҚАРСЫ ШЫҒЫП,
ЖОЛЫМДЫ БӨГЕДІ. СОНДА БАС
ПЕРІШТЕЛЕРДІҢ БІРІ, МИҚАЙЛ,
МАҒАН КӨМЕККЕ КЕЛДІ.

ЕНДІ МЕН САҒАН
КЕЛЕШЕКТЕ ХАЛҚЫҢМЕН
НЕ БОЛАТЫНЫН
ТҮСІНДІРУГЕ КЕЛДІМ. СЕН
КӨРЕТІН КӨРІНІС АЛДАҒЫ
ЗАМАНҒА ҚАТЫСТЫ.

МЫРЗАМ,
МЕН КӨРГЕН КӨРІНІСТЕН
ҚАТТЫ ҚИНАЛЫП, ҚАЛАЙША
МЕН, ЖАЙ ПЕНДЕҢІЗ, СІЗБЕН
СӨЙЛЕСЕ АЛАМЫН, МЫРЗАМ?
КҮШ-ҚУАТТАН АЙЫРЫЛЫП,
ДЕМІМДІ ЭЗЕР АЛЫП
ТҮРМЫН.

СОНДА АДАМ
БАЛАСЫНА ҰҚСАҒАН
ӘЛГІ ХАБАРШЫ МАҒАН
ТАҒЫ ДА САУСАҒЫН
ТИГІЗІП, КҮШ-ҚУАТ
ДАРЫТТЫ

ЕШ
НӘРСЕДЕН
ҚОРЫҚПА,
ҚҰДАЙҒА
ҰНАМДЫ
ЖАН!

МЕН САҒАН «АКИҚАТ
КІТАБЫНДА» НЕ
ЖАЗЫЛҒАНЫН
АЙТЫП БЕРЕМІН.

ЖУЫРДА МЕН
ПЕРСИЯНЫҢ РУХАНИ
ӘМІРШІСІМЕН КҮРЕСУГЕ
ҚАЙТЫП БАРАМЫН. МЕН
КЕТКЕННЕН KEЙІН
ГРЕКИЯНЫҢ РУХАНИ
ӘМІРШІСІ ДЕ КЕЛЕТІН
БОЛАДЫ.

СЕНІҢ ХАЛҚЫҢДЫ
ҚОРҒАУШЫ БАС ПЕРІШТЕ
МИҚАЙЛДАН ӨЗГЕ СОЛ
РУХАНИ ӘМІРШІЛЕРГЕ
ҚАРСЫ ТҮРЫП, МЕНІ
ҚОЛДАП-ҚУАТТАЙТЫН
ЕШКІМ БОЛМАЙДЫ.

МЕН ДЕ МИКАЙЛДЫ МИДИЯЛЫҚ ДАРИЙДІҢ БИЛІК ҚҰРҒАН БІРІНШІ ЖЫЛЫНАН БАСТАП ҚОЛДАП-ҚОРҒАП КЕЛЕМІН. АЛ ЕНДІ, МЕН САҒАН БОЛАШАҚТА ШЫНЫМЕН ОРЫН АЛАТЫН ОҚИҒАЛАРДЫ КӨРСЕТЕМІН.

ПЕРСИЯДА ТАҒЫ ҮШ ПАТША БИЛІК ҚҰРАДЫ, АЛ ТӨРТІНШІСІ КҮШ ЖИНАП, БАРЛЫҚ АДАМДАРЫН ГРЕКИЯ ПАТШАЛЫҒЫНА ҚАРСЫ АТТАНДЫРАДЫ.^[1]

^[1] ГРЕКИЯҒА ТОЛЫҚҚАНДЫ ШАБУҢ ЖАСАҒАН КСЕРКС ПАТША (Б.З. Д. 486-465 Ж. Ж.) ШЫҒАР.



БҮДАН КЕЙІН (ГРЕКИЯДА) БІР ЕРЕКШЕ МЫҚТЫ ПАТША ПАЙДА БОЛАДЫ. ОЛ ЗОР КҮШПЕН БИЛІК ҚҰРЫП, ӨЗ ҚАЛАУЫМЕН ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАЙДЫ. АЛАЙДА ӘБДЕН КҮШЕЙГЕН КЕЗДЕ ОНЫҢ ПАТШАЛЫҒЫ ТҮП-ТАМЫРЫМЕН ЖҰЛЫНЫП, ҰДЫРАП, ТӨРТКЕ БӨЛІНІП КЕТЕДІ.^[2]

^[2] АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙДІҢ ПАТШАЛЫҒЫ ОНЫҢ ТӨРТ ҚОЛБАСШЫСЫ АРАСЫНДА БӨЛІНДІ.

БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН СОҢ ЕКЕУІ ОДАҚТАСЫП, КЕЛІСІМДЕРІН БЕКІТУ ҮШІН МЫСЫР ПАТШАСЫ ӨЗ ҚЫЗЫН СОЛТУСІТІКТІҢ ПАТШАСЫНА ҰЗАТАДЫ.^[3]



^[3] Б.З. Д. 252 ЖЫЛЫ МЫСЫРЛЫҚ ПТОЛЕМЕЙ II ӨЗІНІҢ ҚЫЗЫ БЕРЕНИККЕ СИРИЯНЫҢ АНТИОХ II-ГЕ ҮЙЛЕНІП, ОЛАРДЫҢ ЕКІ ЖЕРІ АРАСЫНДА БЕЙБІТШІЛІК КЕЛІСІМІН ОРНАТТЫ.

КЕЙІН МЫСЫР ХАНШАЙЫМНЫҢ ӘУЛЕТІНЕН ШЫҚҚАН БІРЕУ МЫСЫРҒА БИЛІК ҚҰРАДЫ. ОЛ СОЛТУСІТІКТІҢ ПАТШАСЫНЫҢ ӘСКЕРІНЕ ҚАРСЫ АТТАНЫП, ОНЫҢ ҚАМАЛЫНА БАСЫП КІРІП, ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ.^[4]



^[4] БЕРЕНИКАНЫҢ АҒАСЫ ПТОЛЕМЕЙ III ЭВЕРГЕТ (Б.З. Д. 242-222 Ж. Ж.) СИРИЯНЫ ЖАУЛАП АЛДЫ.



АЛ КЕЙІНІРЕК СОЛТУСТІКТІҢ ПАТШАСЫ
МЫСЫР ПАТШАЛЫҒЫНА ШАБУҢ
ЖАСАЙДЫ, БІРАҚ ӨЗ ЕЛІНЕ ҚАЙТА
ОРАЛУҒА ӘЖБҰР БОЛАДЫ. ^[1]

^[1] СИРИЯ ПАТШАСЫ
СЕЛЕВК II.



ҚАТТЫ ҚАҒАРЛАНҒАН МЫСЫР ПАТШАСЫ ҚАРСЫ АТТАНЫП,
СОЛТУСТІКТІҢ ПАТШАСЫНА БАС САЛАДЫ. ОНЫҢ ЖИНАҒАН
ҮЛКЕН ӘСКЕРІ МЫСЫР ПАТШАСЫНЫҢ ҚОЛЫНА ТҮСЕДІ. ^[2]


^[2] ПТОЛЕМЕЙ IV ФИЛОПАТОР
(Б.З. Д. 223-203 Ж. Ж.) ҰЛЫ АНТИОХТЫҢ III
АРМИЯСЫН ЖОЙДЫ.



СОЛТУСТІКТІҢ ПАТШАСЫ БҰРЫҢҒЫДАН
ДА ҮЛКЕН ӘСКЕР ЖИНАП, БІРНЕШЕ
ЖЫЛДАН КЕЙІН ТОЛЫҚТАЙ
ЖАРАҚТАНҒАН ҚУАТТЫ ӘСКЕРІМЕН
ОҒАН ҚАЙТАДАН ШАБУҢ ЖАСАМАҚ.

ОЛ «КӨРІКТІ
ЕЛГЕ»(ИСРАИЛГЕ) ҚОСЫН
ТІГІП, ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ
КӨРСЕТЕДІ. ^[3]

^[3] ОН ҰШ ЖЫЛДАН КЕЙІН АНТИОХ III ҮЛКЕН
ӘСКЕРМЕН ОРАЛЫП, МЫСЫРДЫ ЖЕҢДІ.



МЫСЫР ПАТШАЛЫҒЫН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕН БІРЖОЛАТА
АЙЫРУ ҮШІН ОНЫҢ ПАТШАСЫНА
ӨЗ ҚЫЗЫН БЕРЕДІ.

БІРАҚ БҰЛ ЖОСПАРЫ
ТАБЫССЫЗ БОЛЫП,
ОНЫСЫНАН ЕШ НӘТИЖЕ
ШЫҚПАЙДЫ. ^[4]

^[4] АНТИОХ РИМНІҢ ҚЫСЫМЫН СЕЗІНІП, ҚЫЗЫ
КЛЕОПАТРАҒА ПТОЛЕМЕЙ V-ГЕ ҮЙЛЕНУДІ ҰСЫНДЫ,
БҰЛ ОҒАН МЫСЫРДЫ ЖАУЛАП АЛУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ
ДЕП ҮМІТТЕНДІ. БІРАҚ ОНЫҢ ОРНЫНА ҚЫЗЫ
МЫСЫРЛЫҚ КҮЙЕУІНІҢ ЖАҒЫНА ШЫҚТЫ.

КЕЙІН СОЛТУСТІКТІҢ ПАТШАСЫ ТЕҢІЗ
ЖАҒАЛАУЛАРЫНДАҒЫ ЕЛДЕРГЕ АТТАНЫП, КӨП
АДАМДЫ ҚОЛҒА ТҮСІРЕДІ. АЛАЙДА БІР ҚОЛБАСШЫ
ПАТШАНЫҢ КӨРСЕТКЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҒЫН
ТОҚТАТЫП, СОЛАРДЫҢ ЕСЕСІН ҚАЙТАРАДЫ. ^[1]



^[1] ҚОЛБАСШЫ ЛУКИЙ
СКИПИОН АЗИАТТЫҚ
АНТИОХТЫ ІІІ ЖЕҢІП, ҮЙГЕ
БАРАР ЖОЛДА ӨЛТІРІЛДІ.

ОНЫҢ МҮРАҒЕРІ ТАҚҚА
ОТЫРҒАННАН KEЙІН, ПАТШАЛЫҚ
САЛТАНАТҚА ҚАРЖЫ ЖЕТЕРЛІК
БОЛУ ҮШІН АЛЫМ-САЛЫҚ
ЖИНАЙТЫН ҚАНАУШЫНЫ ҚОЛ
АСТЫНДАҒЫ ЕЛДЕРІН АРАЛАТЫП
ЖІБЕРЕДІ. АЛ АЗҒАНА УАҚЫТТАН
КЕЙІН ПАТША НЕ СОҒЫСТА ЕМЕС,
НЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАҒАРЫНАН ЕМЕС,
КҮТПЕГЕН ЖЕРДЕН МЕРТ БОЛАДЫ. ^[2]

^[2] СЕЛЕВК IV ФИЛОПАТОР
РИМГЕ АЛЫМ ТӨЛЕУ ҮШІН ӨЗ
АУМАҒЫНДАҒЫ СУБЪЕКТТЕРІНЕ
ҮЛКЕН САЛЫҚ САЛУҒА МӘЖБҮР
БОЛДЫ, БІРАҚ ОЛ УЛАНУ АРҚЫЛЫ
ӨЛТІРІЛГЕН БОЛУЫ МҮМКІН.



ОНЫҢ ОРНЫНА ПАТШАЛЫҚ ҚАДІР-ҚҰРМЕТ
БҰЙЫРЫЛМАҒАН БІР ЖЕКСҰРЫН АДАМ СОЛТУСТІК
ПАТШАЛЫҚҚА БИЛІК ҚҰРАДЫ. ОЛ БЕЙБІТ КЕЗДЕ БАРЫП,
ПАТШАЛЫҚТЫ АЙЛАКЕРЛІКПЕН ҚОЛЫНА ТҮСІРІП АЛАДЫ.



СОЛ ЖЕКСҰРЫН ПАТША КЕЛІСІМ
ЖАСАҒАНМЕН, ҚҰЛЫҚ-СҰМДЫҚПЕН
ӘРЕКЕТ ЕТЕДІ, ӘРІ АЗҒАНА АДАМДАРДЫҢ
ҚОЛДАУЫМЕН КҮШЕЙІП АЛАДЫ. ОНЫҢ
БИЛІГІ ҰЗАҚҚА СОЗЫЛМАЙДЫ. ^[3]

^[3] АНТИОХ ЭПИФАН IV.

БҮДАН KEЙІН ЕКІ ПАТША БІР
ДАСТАРҚАННЫҢ БАСЫНДА ОТЫРЫП,
ІШТЕЙ БІР-БІРІНЕ ЖАМАНДЫҚ ОЙЛАП,
ЖАЛҒАНДЫҚ АЙТАДЫ. ^[4]

БІРАҚ БҮДАН ЕШ НӘТИЖЕ
ШЫҚПАЙДЫ. СЕБЕБІ ҚҰДАЙ
БЕЛГІЛЕГЕН УАҚЫТТА ІСТІҢ
СОҢЫ БОЛАДЫ.




^[4] МЫСЫРЛЫҚ ПТОЛЕМЕЙ ДЕ, АНТИОХ ТА
КЕЛІССӨЗДЕР ҮСТЕЛІНДЕ ӨТІРІК АЙТТЫ, СОДАН
КЕЙІН ЕКІ МЫСЫР БІЛЕУШІСІ АНТИОХТЫҢ
ЖОСПАРЛАРЫН БУЗУ ҮШІН БІРІКТІ.

СОЛТУСТІКТІҢ ПАТШАСЫ ҚАЙТАДАН МЫСЫРҒА АТТАНЫП, БАСЫП КІРЕДІ. БІРАҚ БҰЛ ЖОРЫҒЫ БҰРЫНҒЫСЫНДАЙ ТАБЫСТЫ БОЛМАЙДЫ. СЕБЕБІ ТЕҢІЗДІҢ БАТЫС ЖАҒАЛАУЛАРЫНДАҒЫ ЕЛДЕН КЕМЕЛЕР ОҒАН ҚАРСЫ ШЫҒАДЫ. ^[1]



^[1] РИМ ФЛОТЫ КИПРДЕН МЫСЫРДЫҢ ЖАҒЫНА ШЫҒЫП, АНТИОХ ИЕРУСАЛИМДЕГІ ҚАҒАРЫН ЖОЙДЫ.

СОДАН СОЛТУСТІКТІҢ ПАТШАСЫ ҚАТТЫ АШУЛАНҒАН ОЛ ҚҰДАЙМЕН ҚАСИЕТТІ КЕЛІСІМ ЖАСАҒАН ИСРАИЛ ХАЛҚЫНА ҚАҒАРЫН ТӨКПЕК БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ОЛ ОНЫҢ ЖІБЕРГЕН ЖАСАҚШЫЛАР БӨЛІМІ ҚАМАЛМЕН БЕКІНГЕН КИЕЛІҢҮЙГЕ БАСЫП КІРІП, ОНЫ АРАМДАЙДЫ. ^[2]



^[2] АНТИОХ ГИБАДАТХАНАНЫ ҚАҒЫП, ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ ЖҮЙЕСІН ҚОРЛАДЫ, 80 000 АДАМДЫ ӨЛТІРДІ, 40 000 ТҮТҚЫНДАРДЫ АЛЫП, 40 000 АДАМДЫ ҚҰЛДЫҚҚА САТТЫ.

"ОЛ ҚҰДАЙСЫЗ ЕВРЕЙЛЕРДІ—ӘКЕЛЕРІНІҢ СЕНІМІНЕН БАС ТАРТҚАН АДАМДАРДЫ БИЛІКТЕ ҚАЛДЫРАДЫ. БІРАҚ ӨЗ ҚҰДАЙЫН БІЛЕТІН АДАМДАР КҮШТІ БОЛАДЫ ЖӘНЕ ҮЛКЕН ІСТЕР ЖАСАЙДЫ" ^[3]




^[3] ЫМЫРАҒА КЕЛГЕН ЕВРЕЙЛЕРДІ АНТИОХТАР АЗҒЫРДЫ, БІРАҚ ҚҰДАЙҒА АДАЛ ЕВРЕЙЛЕР ЯХУДА МАККАБЕЙДІҢ ҚОЛ АСТЫНДА ҮЛКЕН ЖЕТІСТІКKE ЖЕТТІ.

УАҚЫТ ЕНДІ БОЛАШАҚ ҚОЙЫЛЫМҒА – АҚЫРЕТ УАҚЫТЫНА ЖӘНЕ ӨЗІН МАДАҚТАЙТЫН ПАТШАҒА АУЫСАДЫ.



СОЛТУСТІКТІҢ ӘЛГІ ПАТШАСЫ ӨЗ БЕТІМЕН ЖҮРІП, ТЫМ ПАҢДАНАДЫ. СОНДА ОЛ ӨЗІН ӘРБІР ТӘНІРДЕН ДЕ ЖОҒАРЫМЫН ДЕП САНАП, ТІПТІ «ТӘНІР» АТАУЛЫНЫҢ ҮСТІНДЕГІ ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІНЕ ҚАРСЫ НЕБІР БАЛАҒАТ СӨЗДЕР АЙТАДЫ. ҚҰДАЙ ҚАҒАРЛЫ ҮКІМНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНША БҰЛ ПАТША ОНЫСЫМЕН ТАБЫСТЫ БОЛАДЫ. СЕБЕБІ СОЛ АЛДЫН АЛА БЕЛГІЛЕНГЕН ОҚИҒАЛАР ОРЫНДАЛУҒА ТИІС.




СОЛ ЗАМАНЫҢ АҚЫРЫНДА МЫСЫР ПАТШАСЫ
ОҒАН ҚАРСЫ СОҒЫСУҒА АТТАНАДЫ. БІРАҚ
СОЛТУСТІКТІҢ ПАТШАСЫ ӨЗІНІҢ ЖАРАҚТАЛҒАН
СОҒЫС КҮЙМЕЛЕРІМЕН, АТТЫ ӘСКЕРІМЕН ЖӘНЕ
КӨПТЕГЕН ӘСКЕРИ КЕМЕСІМЕН ОҒАН ҚАРСЫ
ҚҰЙЫНДАЙ ШҮЙЛЕДІ ДЕ, КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДІ
ЖАУЛАП АЛЫП, ТОПАН СУДАЙ ЖАЙПАП ӨТЕДІ.

ОЛ «КӨРІКТІ ЕЛГЕ» ДЕ БАСЫП КІРЕДІ.
КӨП ХАЛЫҚ ЖЕҢІЛЕДІ, АЛ ЕДОМ МЕН МОАБ
ЖӘНЕ АММОННЫҢ ӘМІРШІЛЕРІ ОНЫҢ
ҚОЛЫНАН СЫТЫЛЫП КЕТЕДІ.

БІРАҚ ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ СОЛТУСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС
АЙМАҚТАРЫНАН КЕЛГЕН СУЫҚ ХАБАРЛАР ОНЫ
АЛАҢДАТАДЫ. СОДАН ПАТША ДОЛДАНҒАН КҮЙІ КӨПТЕГЕН
АДАМДАРДЫ ҚҰРТЫП, ОЙРАНДАУ ҮШІН СОНДА КЕТЕДІ.

ЖОЛШЫБАЙ ОЛ ӨЗІНІҢ ПАТШАЛЫҚ ШАТЫРЫН
ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ МЕН КӨРІКТІ ДЕ ҚАСИЕТТІ СИОН
ТАУЫНЫҢ АРАСЫНА ТІГЕДІ. БІРАҚ ПАТШАНЫҢ ДӘУРЕНІ
ӨТІП, ОҒАН ҚОЛ ҰШЫН БЕРЕТІН ЕШКІМ ДЕ БОЛМАЙДЫ.



ОЛ КЕЗДЕ СЕНІҢ ХАЛҚЫҢДЫ ҚОРҒАУШЫ БАС ПЕРІШТЕ
МИҚАЙЛ ШЫҒАДЫ. ОЛ СЕН ҮШІН ЖӘНЕ СІҢ ХАЛҚЫН
ҮШІН ШАЙТАНМЕН СОҒЫСАТЫН БОЛАДЫ.

БҮЛ, ХАЛЫҚТАР АЛҒАШ ПАЙДА БОЛҒАЛЫ ЕШҚАШАН
БОЛЫП КӨРМЕГЕН ҚИЫН-ҚЫСТАУ КЕЗЕҢ БОЛАДЫ.
СОНДА СЕНІҢ ХАЛҚЫҢ, ЯҒНИ ЕСІМДЕРІ АРНАЙЫ КІТАПҚА
ЕНГІЗІЛГЕНДЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ, ҚҰТҚАРЫЛАДЫ.

ЖЕР ҚОЙНЫНДА ЖАТҚАН
САНСЫЗ КӨП ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТА
ТІРІЛЕДІ. ОЛАРДЫҢ БІРҚАТАРЫ
МӘҢГІЛІК ӨМІРГЕ ИЕ БОЛАДЫ,
АЛ ҚАЛҒАНДАРЫ МӘҢГІЛІК
ҰЯТ-МАСҚАРАҒА ҚАЛАДЫ.



ДАНАЛАР АСПАН КЕҢІСТІГІ СИЯҚТЫ НҮРЛАНАДЫ, КӨПТЕГЕН
АДАМДЫ ӘДІЛДІК ЖОЛЫНА БАСТАП АЛЫП КЕЛГЕН ОЛАР
ЖҰЛДЫЗДАР СИЯҚТЫ МӘҢГІ БАҚИ ЖАРҚЫРАП ТҮРАТЫН БОЛАДЫ.



СОЛ ЗАМАННЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН КІТАПТЫ
МӨРЛЕП БЕКІТІП ҚОЙ. КӨПТЕГЕН АДАМ
ОНЫ МҰҚИАТ ҚАРАП ШЫҒЫП, БІЛІМДЕРІ
МОЛАЯ ТҮСЕТІН БОЛАДЫ.



БҮДАН КЕЙІН МЕН, ДАНИЯЛ, ҚАРАСАМ,
БАСҚА ЕКІ ХАБАРШЫ ПАЙДА БОЛЫПТЫ:
БІРЕУІ ӨЗЕННІҢ БІР ЖАҒАСЫНДА,
ЕКІНШІСІ ҚАРАМА-ҚАРСЫ ЖАҒАСЫНДА
ТҮР ЕКЕН.



АҚ БӘТЕС КИІНГЕН,
ӨЗЕН СУЫНЫҢ ҮСТІНДЕ ТҮРҒАН
ӘЛГІ ХАБАРШЫ ЕКІ ҚОЛЫН ДА
АСПАҢҒА ҚАРАЙ КӨТЕРІП, МӘҢГІ ТІРІ
ХАҚ ТАҒАЛАНЫҢ АТЫМЕН АНТ ЕТІП
БЫЛАЙ ДЕДІ: — БҰНЫҢ БӘРІ БІР
КЕЗЕҢГЕ, ЕКІ КЕЗЕҢГЕ ЖӘНЕ ЖАРТЫ
КЕЗЕҢГЕ СОЗЫЛАДЫ! ҚҰДАЙҒА
БАҒЫШТАЛҒАН ХАЛЫҚТЫҢ КҮШІ
ТҮБЕГЕЙЛІ КҮЙРЕГЕНДЕ ОСЫ
ОҚИҒАЛАР АЯҚТАЛАДЫ!



ДАНИЯЛ, ӨЗ ЖОЛЫҢМЕН
ЖҮРЕ БЕР. БҮЛ ХАБАР ОСЫ
ЗАМАННЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН
ЖАБЫЛЫП, САҚТАЛЫП ӘРІ
МӨРЛЕНІП БЕКІТІЛГЕН.



КӨПТЕГЕН АДАМ ОСЫ
АУЫР СЫНАҚТАРДАН
ӨТІП, ТАЗАРЫП,
МІНСІЗ БОЛАДЫ.

АЛАЙДА ЗҰЛЫМДАР
КҮНӘ ЖАСАУЛАРЫН
ЖАЛҒАСТЫРА БЕРЕДІ.

Casino
Live girls
PEEP
GIRLS
GIRLS
GIRLS

СОЛАРДЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫ
ХАБАРДЫ ТҮСІНБЕЙДІ,
ТЕК ДАНАЛАР ҒАНА
ОНЫҢ МАҒЫНАСЫН
ҰҒАТЫН БОЛАДЫ.

АЛ 1335КҮН
КУТІП, СОЛАР ӨТКЕНШЕ
ШЫДАМДЫЛЫҚ ТАНЫТҚАН
ӘРКІМ БАҚЫТТЫ
БОЛАДЫ! ^[2]

^[2] 45 КҮНДІК
АЙЫРМАШЫЛЫҚ, МҮМКІН,
ОСЫ ПРОБЛЕМАЛАРДАН
МӘСІХТІҢ МЫҢЖЫЛДЫҚ
ПАТШАЛЫҒЫН ҚҰРУҒА
КОШУ УАҚЫТЫ.



КҮНДЕЛІКТІ ҚҰРБАҢДЫҚ ҰСЫНУ
ДОҒАРТЫЛЫП, КИЕЛІ ҮЙДІ АРАМДАП БОС
ҚАЛДЫРАТЫН ЖЕКСҰРЫН НӘРСЕ СОЛ ЖЕРДЕ
ОРНАТЫЛҒАННАН KEЙІН 1290 КҮН ӨТЕДІ. ^[1]

^[1] ЕВРЕЙ ҒИБАДАТХАНАСЫНДАҒЫ
АНТИХРИСТ БЕЙНЕСІ.

ӨЗІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ӨЗ ЖОЛЫҢМЕН ЖҮРЕ
БЕР. СЕН ДҮНИЕДЕН ӨТІП, ТЫНЫҒАСЫҢ.



АҚЫР ЗАМАНДА ҚАЙТА ТІРІЛІП,
(ҚҰДАЙДЫҢ ПАТШАЛЫҒЫНДАҒЫ)
ӨЗІҢЕ ДАЙЫНДАЛЫП ҚОЙЫЛҒАН
ҮЛЕСІңДІ ИЕМДЕНЕСІҢ!



"THE BIBLE EXPLAINED
IN EVERY LANGUAGE."



SUPERBIBLE.TV